



090000, Орал қаласы, Есқалиев көш., 72 үй
тел. 8 (7112) 26-04-68, факс 26-04-74
E-mail:zkodo@mail.ru

090000, город Уральск, ул. Ескалиева, 72
тел. 8 (7112) 26-04-68, факс 26-04-74
E-mail:zkodo@mail.ru

№

—12.02.2019-ғы № 3-10/786 шығыс хаты

Аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, облыстық білім беру мекемелерінің басшыларына

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының басты мақсаты білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізу, Қазақстан Республикасының болашағы - жастарға патриоттық тәрбие беру.

Білім беру мекемелеріндегі музейлері арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, мақтаныш сезімін ұялату, білім алушылардың өмір сүруге және қоғамдағы өз орнын табуға қабілетті жеке тұлға болып қалыптасуын айқындайтын зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерді, танымдық қызығушылықтарды дамыту, патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында облыстық «Әр білім мекемесінде-музей!» акциясы жарияланады.

Сондықтан, білім басқармасы білім беру мекемелерде (колледж, мектеп) музей ашып, бар музейлердің тақырыптық аясын кеңейтуге, өлкетанулық - іздестіру зерттеу жұмыстармен айналысуға ықпал етуге шақырады.

Акция жөнінде ақпаратты Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығынан (52-59-42, 52-58-87) алуға болады, Акция ережесі тіркелді.

Басқарма басшысының м.а

З.Гумарова

Альмуханова
525942

**Облыстық «Әр білім мекемесінде – музей!» акциясының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ереже

1.1. Музей – белгілі тақырыпқа біріктірілген, жинақталып жүйеге келтірілген, қазіргі кездегі ережеге сәйкес сақтап, өткен дәуірдің мәдени-тарихи және табиғи ескерткіштерін жинақтап, музей бағытына сәйкес болуы үшін сол немесе өзге ғылыми пәндерді оқып үйрену, жүйеге келтіруге арналған орын.

1.2. Білім мекемелерінің музейлері көпшілік бастама бойынша жұмыс істейді. Олар мұғалімдердің басшылығымен мектепте, колледждерде, гимназияда, мектеп-интернатта, балалар үйінде, мектептен тыс мекемелерде құрылады.

1.3. Білім мекемелеріндегі музейлердің негізгі мақсаты:

- Білім алушылардың өмір сүруге және қоғамдағы өз орнын табуға қабілетті жеке тұлға болып қалыптасуын айқындайтын зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерді, танымдық қызығушылықтарды дамыту, патриоттыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының музей қорын толықтыруға көмектесу;
- оқу-тәрбие жұмысын дамытуға қатысу;
- жас буынды туған өлкесіне деген сүйіспеншілікке, табиғатқа қамқорлықпен тарихқа және мәдени-тарихи ескерткіштерге құрметпен қарауға тәрбиелеуге;
- оқушылар мен халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу.

II. Акцияның өту тәртібі

«Әр білім мекемесінде – музей!» акциясы (келесіде – акция) 2019 жылдың ақпаннан басталып 2019 жылдың қарашада қорытындыланады.

2.1. Білім мекемелеріндегі музейлерді ұйымдастыру үшін 1999 жылғы 26 сәуірде бекітілген «Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін мұражайлар туралы» ереже мен мұражай Жарғысы, облыстық «Мектеп музейі» нұсқаулығы басшылыққа алынады.

2.2. Білім мекемелеріндегі музей мекеме басшысының бұйрығымен ашылады. Мектеп әкімшілігі бөлме, жабдық, бөлмені күтіп ұстауға немесе жөндеп тұруға, экспозицияларды безендіруге қажетті материалдар алуға қаражат бөледі.

III. Акцияны ұйымдастырушылар және қатысушылар

3.1. «Әр білім мекемесінде – музей!» акциясын білім басқармасы, облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы ұйымдастырады.

3.2. Акцияға облыстық барлық білім беру жүйесіндегі мектеп, гимназиялар мен колледждер қатысады.

IV. Акция жұмысының мазмұны мен түрі

Акция шеңберінде облыс аумағындағы барлық білім беру мекемелерінде түрлі профилді музейлер ашу және бұрынғыларын құжаттандыру, толықтырылу, жаңа дәстүрмен жасақтау жұмыстары қарастырылады.

Музей ашу жұмысын басқару және ұйымдастыру

4.1. Музей ашу жоспары:

№	Қызмет аты	Қызмет мазмұны	Күтілетін нәтиже
1	Білім мекемесі музейінің Концепциясы (Концепция – музей қызметін жасақтауға арналған көпжылдық және өзгермейтін бағдарлама)	Музейдің мақсаты мен міндеттері, профилін таңдау, музейдің атын беру, бағыты бойынша іздестіру-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;	Концепция мекеме басшысы тексеріп, бекітеді;
2	Құқықтық – ұйымдастыру қызметі	Мектеп музейінің ережесі, музей және қор орнын таңдау, музей ашу туралы аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің келісімі бойынша педагогикалық кеңес құру, жетекшіні мектеп директорының бұйрығымен бекіту, қажетті құралдармен (жиһаз, витрина, жазу құралдары т.б.) қамтамасыз ету;	Музей туралы ережені талдау, музей жетекшісін, тағайындау; Музей және қор бөлмесін бөлу туралы бұйрық шығару; Жөндеу жұмыстарын жүргізу;
3	Іздестіру-зерттеу қызметі	Қордағы негізгі және қосымша жәдігерлерді топтап бөлу, іздестіру-зерттеу топтарын жасақтау, дайындау, старт беру (мектеп жиналысында);	Қорды топтау жоспары жасақталады; Іздестіру-зерттеу жасақтарының таңдауымен үйірме жиналыстары өткізу;
4	Музей белсендісін, музей кеңесін құру	Жиналыста музей кеңесін сайлау, міндеттерін бөлу; Үйірмеде үйрету, оқыту;	Музей кеңесінің отырысы 3 айда бір өткізу; Жоспарын жасақтау;
5	Қор жұмысы	Үйірмешілерді музей жәдігерлерін есепке алу, сипаттауға үйрету, тізімге алу, негізгі және қосымша қорға жіктеу, тақырып бойынша бөлу;	Негізгі және қосымша қорды инвентарлық қор кітабына тіркеу; Жәдігерлердің ғылыми паспортын толтыру;
6	Экспозициялық қызмет	Тақырыптық-экспозициялық жоспарын құру; Болашақ экспозицияның эскизінің структурасын құру, монтаж жасау, экспозицияның техникалық әзірлігі (стенд); Облыстық, аудандық музейлерден кеңес алу, шешім шығарту.	Тақырыптық-экспозициялық жоспарын бекіту; Эскизге байқау жариялау; Тақырыптық шолу экскурсияның мәтінін дайындап, тыңдату, бекіту;
7	Музей ашу	Сценарий дайындау;	Ашылу салтанаты.

4.2. Құжаттандыру (паспорттау жұмысы). Құжаттандыру жұмысы әр бес жыл сайын жүргізіледі. Жұмысты жүргізу үшін аудандық, қалалық оқу бөлімінде комиссия

құрылады. Негізгі экспонат қорының саны 200-ден кем болмауы шарт. Мектеп музейінің музей жетекшілері әрдайым музей кеңесімен және музей белсенділерімен тығыз жұмыс жасауға міндетті.

Паспорттау кезінде тексерілетін құжаттар:

- музейдің ашылған жөнінде бұйрық;
- структуралық - концепциалық жоспары;
- музейдің жылдық жұмыс жоспары;
- тапсыру-қабылдау АКТ-і;
- жәдігерлердің ғылыми паспорты (көшірмесі);
- инвентарлық кітабы (көшірмесі);
- музейдің техникалық жабдықталуы;
- келушілер журналы;
- пікір кітабы;
- музейдің жұмысы туралы есеп (түскен жәдігерлер саны, келушілер саны, экскурсия, көрме, көпшілік шаралар, музей сабақтары, экспедиция, баспа мақалалары, музей белсенділері мен музей кеңесінің жұмыс қорытындысы).

4.3. Білім мекемелеріндегі музейлердің тақырыптық аясын кеңейту-еліміздің тарихынан сыр шертетін жаңа экспозициялар жасақтау, туған өлкесіне танымал тұлғалардың, еңбек ардагерлерінің т.б. қызметін насихаттау.

V. Акцияны қорытындылау

5.1. Акция қорытындысы бойынша жаңадан ашылған және бұрынғы мектеп музейлері құжатталып, жазбаша және электронды түрде деректер, буклеттер, музейлердің экскурсиялық бейнеролигін жинақтау.

Құнды жәдігерлер туралы мәліметтер облыстық «Туған өлкем - Ақжайық» виртуальды энциклопедиясына салынады.

Координатор: Альмуханова Райгүл Сағынәліқызы

Мекен-жайымыз: 090004 БҚО, Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1, Облыстық балалар- жасөспірімдер туризмі және экология орталығы, «Өлкетану және аймақаралық ынт» Тел: 8(7112) 52-59-42, факс: 52-58-87, Электрондық пошта: E-mail: evrasia_centre@mail.ru.